

<b>ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ. 5-ҚОСЫМША ДРЕНАЖДЫҚ ЖҮЙЕ</b>			
<b>ӘУЕЖАЙДЫҢ АТАУЫ</b>			
<b>БАСЫЛЫМ№01</b>			
<b>Ревизия нөмірі</b>		<b>Ревизия күні</b>	

## МАЗМҰНЫ

<i>No.</i>	<i>Сипаттама</i>	<i>парақ</i>
	Құжат туралы мәліметтер	
	Құжатты иелену құқығы	
	Құжатпен келісу парағы	
	Данасын ұстаушылардың тізбесі	
	Құжаттың ревизиясы туралы ақпарат	
1	Жалпы ережелер	
1.1	Арналуы	
1.2	Әрекет ету облысы	
1.3	Байланысқан құжаттар	
1.4	Нормативтік құжаттар	
1.5	Терминдер мен қысқартулар	
2	Жүйенің сипаттамасы	
2.1	Ұшыру алаңы мен перронның дренаждық жүйесі	
2.2	Вокзал маңындағы алаңның дренаждық жүйесі	
2.3	Май және отын бөлгіш	
3	Қалыпты жұмыс жағдайлары	
3.1	ҰҚЖ, перронның су бұрғыштары	
3.2	Вокзал маңындағы алаңның су бұрғыштары	
4	Дренаждық жүйеге техникалық қызмет көрсету	
4.1	Су ағызу құрылыстарын техникалық қарау мерзімділігі	
5	Не жасау қажет және не жасауға тыйым салынады	
6	Дренаждық жүйені қолдау стратегиясы	
7	Жауапкершілік	
8	Заңды күші	
	1-қосымша ҰҚЖ-дағы дренаждық жүйенің сұлбасы	
	2-қосымша МРЖ-дағы дренаждық жүйенің сұлбасы	
	3-қосымша ҰҚЖ-дағы дренаждық жүйенің чек-парағы	

# 1 Жалпы ережелер

## 1.1 Арналуы

Жетекшілік әуеайлақтың дренаждық жүйесінің сипаттамасын қамтиды.

### Аталмыш Жетекшіліктің мақсаттары:

Әуеайлақтық қызметтің барлық жұмыскерлері үшін күнделікті жұмыстағы әрекеттер тәртібін регламенттейтін бірыңғай құжат;

аталған Жетекшілікте сілтемелер арқылы берілетін материалдардың қолжетімділігі және мерзімді негізде Жетекшілікке енгізілетін өзгерістер ескерілетін дербес құжат;

команданың әрбір мүшесінің қателіктерін, жаңылыстарын не кемшіліктерін болдырмау немесе азайту;

команданың әрбір мүшесі үшін дренаждық жүйеге қатысты кез келген мәселелерді шешу мүмкіндігі (қызмет көрсету, жөндеу, апатты жағдайлар);

жаңа қызметкерлер үшін кіріспе оқыту курсы ретінде пайдаланылатын құжат.

## 1.2 Әрекет ету облысы

Осы жетекшілік әуеайлақтың дренаждық жүйесіне жауап беретін \_\_\_\_\_ қызметінің қызметкерлеріне қатысты қолданылады.

## 1.3 Терминдер мен қысқартулар

**КНС** – кәріздендірушілік сорғы станциясы;

**ҰҚЖ** – ұшыру-қондыру жолағы;

**Дренаждық жүйе:** жерасты және топырақ суларының деңгейін ұстап қалуға және төмендетуге арналған инженерлік құрылыстардың жүйесі;

**Шолу құдығы ҚҚ:** қайта шығарылымдарды немесе басқа да су ағызу желілерін қосу және пайдалану барысында оларды күтіп ұстау үшін, коллектор трассасының өсі бойымен олардың бағыты мен еңістері өзгертін жерлерде орнатылатын құдық;

**Тальвежді құдық АҚ:** жер бетіндегі суларды қабылдау және оларды әріқарай коллекторға жіберу үшін ұшыру алаңының топырақ бөлігіндегі тұйық төмен жерлерде орнатылатын құдық;

**Су ағызу және дренаждық жүйелердің құрылғылары:** арнай машиналарды, жабдық пен жарактарды пайдалана отырып, коллекторларды, науаларды, дрендерді, тальвежді, жауын қабылдағыш және шолу құдықтарын монтаждаудың технологиялық үдерістері;

**Коллектор:** жауын қабылдағыш және шолу құдықтарынан, сондай-ақ дрендерден, құрғатқыштардан және қабылдағыштардан суларды қабылдап, ұшыру алаңынан тыс жерлерге не тазарту құрылыстарына ағызып жіберетін, жерасты құбыры;

**Жауын қабылдағыш құдық ЖҚ:** ағып келетін суларды және атмосфералық жауын-шашындарды қабылдау үшін жабын науаларында орнатылатын камера немесе шахта.

## 1.4 Байланысқан құжаттар

Нөмірі	Атауы
	ҰҚЖ су ағызу-дренаждық жүйесінің төлқұжаты, тазарту құрылғылары 1,2

## 1.5 Нормативтік құжаттар

Осы жетекшілік мынадай нормативтік құжаттардың талаптары мен кеңестерін ескере отырып әзірленген:

ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 7 қазандағы №978 бұйрығымен бекітілген, Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидаларының 5-параграфы «Әуеайлақта су ағызу және дренаж жүйесін ұстау».

Әуежай қызметтері бойынша жетекшілік. ИКАО 9-бөлім. Әуежайларға техникалық қызмет көрсету тәжірибесі Doc 9137-AN/898.

## 2 Жүйенің сипаттамасы

Әуеайлақтағы су ағызу және дренаждық жүйелер әуеайлақтық жабындардың тұрақтылығын және төзімділігін арттыру мақсатында жабын негіздерінің асыра дымқылдануын болдырмау үшін арналған. Әуе кемелері үшін қауіп төндіретін құстардың, жануарлардың қызығуын төмендету.

Су ағызу және дренаждық жүйелер жарамды күйде болуы және ұшыру алаңынан суды жинап, ағызып жіберуі тиіс.

### 2.1 Ұшыру алаңының дренаждық жүйесі

Әуеайлақтың дренаждық жүйесі \_\_\_\_\_ (коллекторлардан, шолу құдықтарынан, жауын қабылдағыш құдықтардан, тальвежді құдықтардан, қойма дрендерінен) тұрады:



(ҰҚЖ су ағызу-дренаждық желісінің төлқұжатын, №1 және №2 тазарту құрылыстарын қараңыз)

- ҰҚЖ су ағызу-дренаждық жүйесі;
- МРЖ дренаждық жүйесі;
- халықаралық перронның дренаждық жүйесі;
- перрондардың дренаждық жүйесі, МС32-53
- дренаждық сулардың сорғы станциясы;
- №1 тазарту құрылыстары;
- №2 тазарту құрылыстары;
- құрғатқыш (буландырғыш).

№1 тазарту құрылыстары – суларды жергілікті рельефке ағызып жіберу.

№2 тазарту құрылыстары – сүзгілеу өрістеріне ағызу.


Дренаждық сулардың сорғы станциясы – суларды арнаға, сосын жергілікті рельефке ағызып жіберу.

Көрсеткіштердің атауы	Фотосы	Өлшем бірлігі	Саны
1. ҰҚЖ су ағызу-дренаждық желісі			
Коллектор		М	Х
Шолу құдықтары	«АХӘ» АҚ үлгісі 	Дана	Х
Тальвежді құдықтар	«АХӘ» АҚ үлгісі 	Дана	Х

## 2.2 Вокзал маңындағы алаңның дренаждық жүйесі

(ҰҚЖ су ағызу-дренаждық желісінің төлқұжатын, №1 тазарту құрылыстарын қараңыз)

Көрсеткіштердің атауы	Фотосы	Өлшем бірлігі	Саны
Вокзал маңындағы алаңның дренаждық жүйесі ___ жылы пайдалануға берілген. _____ күйде. Вокзал маңындағы дренаждық жүйе туралы қысқаша ақпаратты көрсетіңіз			
Коллектор			
Шолу құдықтары		М	Х
Құбырлы қайта шығарылымдар	 «АХӘ» АҚ үлгісі	Дана	Х

Ашық науалар		М	Х
№1 тазарту құрылыстары	«АХӘ» АҚ үлгісі		

### 2.3 Май және отын бөлгіш

(№1 және №2 тазарту құрылыстарының төлқұжатын қараңыз)

№1 және №2 тазарту құрылыстарында тұндырғыш резервуар (суларды жинақтауыш) және май жинағыш (резервуардан, май жинайтын құбырдан, барабаннан, редуктордан, қырғыштардан және электр қозғалтқыштан тұрады) қарастырылған.

Отын-май қоспасын жинау (№1 және №2 тазарту құрылыстарының жинақтауыш тұндырғышында сулар толық жиналған кезде жүргізіледі. Май жинайтын құбырдың барабанын қолмен түсіріп, қырғыштың электр қозғалтқышын іске қосу қажет. Қырғыштың тірек ажыратқыштары іске қосылуы кезінде барабанмен май жинайтын құбырды көтеріп, барабанды ілмектерге бекіту қажет. Қырғыш автоматты түрде бастапқы орнына келеді.

Отын-май қоспасы жиналған сайын, қауіпті емес қалдықтарды кәдеге жарату шарты бойынша, өтінім негізінде отын-май қоспасын алып тастау және шығару жүзеге асырылады.

## 3 Қалыпты жұмыс жағдайлары

### 3.1 ҰҚЖ, перронның су бұрғыштары

Жүйенің шолу құдықтары әрдайым жабулы болады, тек қана жүйенің жұмысын бақылау үшін немесе оларды тазарту кезінде ғана ашылуы тиіс. Су ағызу және дренаждық жүйелердің маңында арнайы жобасыз және рұқсатсыз жер жұмыстарын жүргізуге және олардың трассалары бойымен құрылыстар салуға рұқсат берілмейді.

Ұшыру алаңының және жабындардың су басуын болдырмау үшін:

1) қар еру кезеңінде еріген қар суын ұшыру алаңынан тыс жерге шығару үшін қар ішінен уақытша ұстап қалатын арықтарды немесе қар үймелерін жасау;

2) су ағызу жүйелерінің еріген суларды жіберуін жүйелі түрде бақылау.

Көктемдегі су тасу аяқталған соң, су ағызу жүйелерінің бұзылған учаскелері жөнделіп қалпына келтіріледі.

Көктем, жаз және күз мезгілдерінде су ағызу жүйелерін кір мен балшықтан тазарту қажет. Құдықтарға, дренаждық жүйелердің ашық арықтарға не жергілікті рельефке шығаберістеріне ерекше көңіл аудару қажет.

Коллекторлар құбырларының күйі айналар мен фонарьдің көмегімен тексеріледі. Айна мен фонарь іргелес шолу құдықтарында орнатылады, фонарьдің жарығын шолу жасалатын құбыр арқылы айнаға бағыттайды.

Диаметрі үлкен құбырларды қарау ішінен, іргелес құдықтар арасында құбырмен өту кезінде жүзеге асырылады. Бұл ретте екі жақты байланыс пен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету қажет.

### 3.2 Вокзал маңындағы алаңның су бұрғыштары

Вокзал маңындағы алаңның жабындарын су басуды болдырмау үшін қар еру кезеңінде дренаждық науаларды, құбыр қайта шығарылымдарын, шолу құдықтарын қар мен қоқыстан тазарту қажет. Су ағызу жүйелерінің еріген суларды өткізуін бақылау қажет.

## 4 Дренаждық жүйеге техникалық қызмет көрсету

Су ағызу және дренаждық жүйелерді **көктемде** – қар еріп болған соң және **жазда** – жауыны мол жаңбырлардан кейін қарап тексереді. Қарау кезінде чек-парақты толтыру қажет (*1-қосымшаны қараңыз*).

Су ағызу құрылғыларын қатып қалудан және қар басудан қорғау үшін жауын қабылдағыш және тальвежді құдықтардың қақпақтарының астына қарақағаз төсемелері бар ағаш қалқандар немесе металл табақтар салынады. Коллекторлардың бас жақтарын қалқанмен жабады.

Қысқы уақытта жылымық пен жаңбыр кезінде жауын қабылдағыш және тальвежді құдықтарды жабын беттерінен және топырақ беттерінен суды алып тастау үшін уақытша ашып қояды.

Көктемде жауын қабылдағыш және тальвежді құдықтарды және коллекторлардың бас жақтарын қақпақтар мен қалқандардан босатады. Науалар, шолу құдықтары, дренаждық шұңқыр орындары мен қыртыстар қардан, мұздан, салындылардан тазартылады.

### 4.1 Су ағызу құрылыстарын техникалық қарау мерзімділігі

Техникалық қарау түрі	Мерзімділігі	Болжамды өткізу уақыты
Ағымдық қарау	Айына бір рет	Қысқы мезгіл (теріс ауа температурасы кезінде)
	Кемінде аптасына бір рет	Көктемгі мезгіл (қар ере бастаған кезден су тасуының аяқталуына дейін)
	Кемінде аптасына бір рет	Жазғы-күзгі мезгіл (ұзақ жаңбырлар кезінде)
Жалпы кезекті қарау	Кемінде жылына екі рет	Көктемгі мезгіл (еріген қар суын тастаған соң және су тасуынан кейін)
		Күзгі мезгіл (тұрақты теріс ауа температурасы орнығуының алдында)
Жеке техникалық қарау	Қажеттілігіне қарай	Жеке қарауларды бөлек өткізген кезде, жөндеуден кейін басқа да қажетті жағдайларда
Кезектен тыс қарау	Қажеттілігіне қарай	Қар басқаннан соң, нөсерлі жаңбырлардан, дауылдардан, жер сілкіністерінен кейін және мұздау үдерістері орын алған кезде

Ағымдық қараулардың нәтижелері бойынша мынадай негізгі шараларды жүзеге асыру қажет.

*Қыс мезгілінде:*

су ағызу арықтарын, науаларды, су шығару құрылыстарының сағалық алаңдарын және суды қайта шығару құрылыстарының бас жақтарындағы алаңдарды қардан тазарту және қарды ұшыру алаңынан тыс жерлерге апару, қардың еруін реттеу

*Көктем мезгілінде:*

суды қайта шығару құрылыстарының бас жақтарынан қорғаныш қақпақтарын алып тастау, құбырлардың ішкі қуыстарының күйін анықтау және оларды қар мен мұздан босату бойынша іс-шаралар қолдану

еріген сулардың қалыпты ағып кетуін ұйымдастыру

арықтар мен науаларда суағар қызылсулардың болуын қадағалау, олардың дамуын болдырмау және қызылсуларды жою

уақыта су ағыстарын жасау

суды қайта шығару құрылыстары арқылы судың өтуін қамтамасыз ету

рельефті кейіннен түзету мақсатында төмен жерлерді анықтау және тіркеп алу

*Жаз-күз мезгілінде:*

су ағызу құрылыстарын уақытылы қалпына келтіру мақсатында олардың үйінді еңістерінің күйін қадағалау

ұзақ жаңбырлар мен нөсерлер кезеңдерінде су ағызу құрылғысының қызмет етуін қадағалау

дренаждық және қорғаныс-экрандық құрылғылардың қызмет етуін ұйымдастыру және инструменталдық бақылауын жүргізу

қыс мезгіліне ауысу кезінде суды қайта шығару құрылыстарында қызылсу басуға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

Су ағызу құрылғыларының мерзімнен бұрын тозуын және бұзылуын болдырмау жоспарлы-сақтандырушылық жөндеу жұмыстарын жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі және күшті жел әсеріне беріктігін қамтамасыз ету үшін ауыстырмалы маркалау белгілері қолданылуы тиіс.

## **5 Не жасау қажет және не жасауға тыйым салынады?**

Әуеайлақтардағы су ағызу және дренаждық жүйелер жарамды күйде болуы тиіс. Күзде тұрақты теріс температура орын алған кезде ұшыру алаңының шекарасында еріген қар суының ағып кетуі жағынан су бұру арналарын жасау қажет.

Су ағызу-дренаждық жүйе элементтерінің мынадай ақаулықтарына **жол берілмейді:**

- су қабылдау құрылғыларында (тальвежді құдықтар мен су қабылдағыш құдықтар, коллекторлардың шығыс бастары) судың тоқтап қалулары;

- жерасты коллекторларының өту трассалары бойынша және ұшыру алаңының ішінде орналасқан су қабылдағыш құрылыстардың топырақ ойылуы;

- құдықтардың жобалық орналасуына қатысты шошайып шығуы немесе шөгуі;

- құдықтардың қақпақтарының, торларының және қабырғаларының қирауы;

- жерасты құбырларының қоқыстануы;

- судың қалыпты ағып кетуіне кедергі келтіретін, науалар мен су ағызу арықтарының бойлай және көлденең профилдерінің бұзылуы.



## **6 Дренаждық жүйені қолдау стратегиясы**

Әрдайымғы пайдаланушылық дайындықты қолдап тұру және қызмет етуін қамтамасыз ету;

Жасанды жабындардан және ұшыру алаңының топырақ учаскелерінен су ағуын және су кетуін бақылау;

Ұшыру алаңының су басуын болдырмау мақсатында әуеайлаққа іргелес аумақтың күйін бақылау;

Су әуеайлақтың құрылыстарының аумағында қар түсуі мен қар жатуын бақылау және қажетсіз жерлерді қар басуымен күресу, көктем кезінде қардың еруін реттеу;

Жоспарлы және күрделі жөндеулерді жүргізу.

Табиғат қорғау шараларын орындау.

Су ағызу құрылғыларының бұзылуын жою мақсатында оларды жүйелі түрде қарау өткізіледі. Қараудың мерзімділігі жыл мезгіліне байланысты болады, көктемде, қар ери бастаған кезде және жазда (күзде) ұзақ жаңбыр кезеңінде жиі өткізуге кеңес беріледі.

## **7 Жауапкершілік**


1. Аталмыш жетекшілікті ұйымдастыруға, жүргізуге \_\_\_\_\_ қызметінің басшысы жауапты болады.

2. Өзгерістер мен толықтыруларды уақытылы енгізуге немесе ескірген Жетекшіліктің күші жойылған деп тануға ФС «Құжаттаманы басқару» сәйкес, \_\_\_\_\_ қызметі жауапты болады.


## **8 Заңды күші**

Аталмыш ережелер \_\_\_\_\_ АҚ (ұйымның атауы) бірінші басшысының \_\_\_\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ бұйрығымен іске енгізіледі.

ҰҚЖ-дағы дренаждық жүйенің сұлбасы



МРЖ-дағы дренаждық жүйенің сұлбасы



## ҰҚЖ-дағы дренаждық жүйенің чек-парағы

Толтыру күні \_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/20\_\_\_\_ жыл

Тексерушінің аты-жөні \_\_\_\_\_

Чек-парақ мына жағдайларда толтырылады:

- ағымдық қарау;
- жоспарлы қарау;
- жоспардан тыс қарау;
- көктем-жаз мезгілі;
- күз-қыс мезгілі.

Атауы	Күйі Қанағаттанарлық / Қанағаттанарлықсыз (керектінің <u>астын сызу</u> )	Ескертпе
<b>Коллектор</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қанағаттанарлық</li> <li>○ Қанағаттанарлықсыз</li> </ul>	
<b>Шолу құдығы 1-10</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қанағаттанарлық</li> <li>○ Қанағаттанарлықсыз</li> </ul>	
<b>Шолу құдығы 11-20</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қанағаттанарлық</li> <li>○ Қанағаттанарлықсыз</li> </ul>	
<b>Шолу құдығы 21-30</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қанағаттанарлық</li> <li>○ Қанағаттанарлықсыз</li> </ul>	
<b>Шолу құдығы 31-40</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қанағаттанарлық</li> <li>○ Қанағаттанарлықсыз</li> </ul>	
<b>Шолу құдығы 41-50</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қанағаттанарлық</li> <li>○ Қанағаттанарлықсыз</li> </ul>	
Тальвежді құдық № 1	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қанағаттанарлық</li> <li>○ Қанағаттанарлықсыз</li> </ul>	

Тальвежді құдық № 2	<ul style="list-style-type: none"><li>○ Қанағаттанарлық</li><li>○ Қанағаттанарлықсыз</li></ul>	